

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 390 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 2030

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 390 P990390\_ қаулысына сәйкес Теңдік селосында мектеп салуға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражатты 1999 жылы пайдаланудың мүмкін болмауына байланысты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қаражатын басқа да кезек күттірмейтін мұқтаждарға қайта бөлу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 390 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Қасымбеков Б.А.